

Қазақстан Республикасы соттары мен әділет мекемелерінің құқықтық жәрдем беруінің және шет мемлекеттердің осындай мекемелерден құқықтық жәрдем сұрауының тәртіптері туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен Бекітілді 1998 жылғы 8 қаңтардағы N 13 бұйрығымен. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 6 наурызда тіркелді. Тіркеу N 480. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 26 шілдедегі N 211 бұйрығымен.

*Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2007.07.26 N 211 бұйрығымен.
----- Бұйрықтан үзінді-----*

*"Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 01 қыркүйектегі № 440 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының 2006 жылғы 23 тамыздағы № 170 өкімімен бекітілген "Қазақстан Республикасы соттары мен әділет мекемелерінің құқықтық жәрдем беруінің және шет мемлекеттердің осындай мекемелерден құқықтық жәрдем сұрауының тәртіптері туралы" Уақытша нұсқаулыққа сәйкес,
БҰҰЫРАМЫН :*

1. "Қазақстан Республикасы соттары мен әділет мекемелерінің құқықтық жәрдем беруінің және шет мемлекеттердің осындай мекемелерден құқықтық жәрдем сұрауының тәртіптері жөнінде нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 08 қаңтардағы № 13 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Д. Құсдәулетов

1. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға, келісімдерге және конвенцияларға (әрі қарай - халықаралық шарттарға) сәйкес соттар мен әділет мекемелері өздеріне белгіленген тәртіпте берілген шетелдік әділет мекемелерінің жеке іс жүргізу әрекеттерін жасау, айыпталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алу туралы өтініштерін, тараптар мен басқа адамдардың түсіндірмелерін, соттық қарауды, заттай айғақтарды беру және салып жіберуді, сондай-ақ құжаттарды дайындау мен салып жіберуді, құжаттарды тапсыру туралы тапсырмаларды орындауды талап етуді орындайды және оларға өзге құқықтық көмек көрсетеді

және де өздері шетелдік әділет мекемелеріне осындай тапсырмалармен және өтініштермен жүгіне алады.

Қазақстан Республикасының жасаған халықаралық шарттарында Қазақстан Республикасының заңдарындағы ережелерден өзге ережелер белгіленген жағдайларда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2. Шетелдік әділет мекемелерінің тапсырмаларын Қазақстан Республикасының соттары және әділет мекемелері, егер Шарттың өзінде өзгеше көзделмесе, тек оларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі арқылы алған кезде ғана орындайды.

Соттарға немесе әділет мекемелеріне тікелей келіп түскен шетелдік әділет мекемелерінің тапсырмалары тек қана Қазақстан Республикасы Әділет министрінің нұсқауы бойынша орындалады.

3. Шетелдік әділет мекемелерінің соттық тапсырмаларын іс жүргізу әрекеттері солардың қызмет ету саласында жүзеге асырылуға тиіс және құжаттар соларға берілуге тиісті адамдар солардың юрисдикциясына жататын соттар орындайды.

4. Әділет мекемелеріне берілген тапсырмаларды аталған әрекет соның ауданында жасалуға тиіс әділет мекемесі орындайды. Егер нотариалдық әрекет жасау ауданында әділет мекемесі болмаса, тапсырмаларды белгіленген дислокация бойынша осы ауданға қызмет көрсететін әділет мекемесі орындайды.

Шетелдік әділет мекемелерінің тапсырмаларды орындау бойынша барлық әрекеттерін нотариус жүзеге асырады.

5. Егер құжаттарды тапсырмада аталған мекен-жай бойынша тапсыру мүмкін болмаса, сот немесе әділет мекемесі бұл жайлы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне хабарлай отырып, тапсырманы алушының жаңа мекен-жайы бойынша құзыретті сотқа немесе әділет мекемесіне жібереді.

Егер құжаттарды Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы шарт жасасқан мемлекеттің әділет мекемесінің тапсырмасында аталған мекен-жай бойынша тапсыру мүмкін болмаса, сот немесе әділет мекемесі өз бастамасымен нақты мекен-жайын анықтауға шаралар қолдануға тиіс.

Егер тапсырманы орындау басқа себептермен мүмкін болмаса (құжатты алушының қайтыс болуы және т.б.) сот немесе әділет мекемесі тапсырманы беріп отырған шетелдік әділет мекемесіне орындауға кедергі болып отырған себептер туралы хабарлауға және жіберілген құжаттарды қайтаруға тиіс (N 4 қосымша).

6. Жеке іс жүргізу әрекеттерін жасау туралы сот тапсырмаларын орындау (куәлардан жауап алу, тараптардан түсініктемелер талап ету, қылмыс жасалған жерге қарау жүргізу және басқалар) Қазақстан Республикасының іс жүргізу заңдарына сәйкес сот отырысында жүзеге асырылады. Іске қатысушы адамдар

отырыстың өтетін уақыты мен жері туралы хабарланады, алайда олардың келмеуі орындауға кедергі болып табылмайды (N 3 қосымша).

Тапсырма орындау кезінде жасалған әрбір іс жүргізу әрекеті туралы, қолданылып жүрген іс жүргізу заңдарының талаптарын сақтай отырып, хаттама ж а с а л а д ы .

Қазақстан Республикасы құқықтық көмек туралы шарт жасасқан мемлекеттердің әділет мекемелерінен келіп түскен қылмыстық істер бойынша тапсырмаларды орындау кезінде, жеке тапсырма тәртібінде куәлардан, сарапшылардан, жәбірленушілерден жауап алудың, соттық қараудың жүргізілуі мүмкін. Куәлар мен басқа адамдардан жауап алуды, сондай-ақ соттық қарауды хатшының қатысуымен судьяның жеке өзі сот отырысында жүргізеді; бұл әрекеттердің сипаттамасы мен нәтижелері судья мен хатшы қол қоятын х а т т а м а ғ а е н г і з і л е д і .

7. Тапсырмалар бойынша құжаттарды беру, егер берілетін құжаттар мемлекеттік (орыс) тілінде жазылған болса, қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Сұрау салушы мекемеге қайтарылатын құжатты беру туралы растау қағазында берушінің мөрімен және қойған қолымен куәландырылған, алушының қолхаты болуға тиіс және онда берілу күні мен орны көрсетілуге тиіс.

Шет тілінде жазылған, беруге жататын құжаттар, егер алушы оларды өз еркімен қабылдауға келіскен болса, алушыға беріледі.

8. Егер құжаттарды тапсырмада көрсетілген мекен бойынша беру мүмкіндігі болмаса, әділет мекемесі адамның тұратын жерін алдын ала анықтап алып, тапсырмаға тиісті ауданның (облыстың) мекен-жай бюросының анықтамасын тапсырмаға қосып, бұл құжаттарды Әділет министрлігіне қайтару және алған мәліметтерді жолдама хатта көрсетуге тиісті, мұнда міндетті түрде себептер к ө р с е т і л е д і .

Егер адресат аталған мекен-жайда тіркелген, бірақ онда тұрмаған жағдайда, әділет мекемесінің жұмыскері (тапсырманы орындаушы) адамның аталған мекен-жайда тұрмайтындығы туралы акт жазады да әділет мекемесінің мөрімен к у ә л а н д ы р а д ы .

9. Құжаттарды адресатқа беру Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес немесе, егер тапсырма Конвенцияға қатысушы мемлекеттің тиісті сотының құжаттарды беру туралы тапсырмасымен бірге берілсе, сонда белгіленген тәртіпке сәйкес жасалады.

Құжаттарды беру кезінде тапсырманы орындаушы Нұсқаулыққа қоса берілген N 5 қосымшаға сәйкес, құжаттарды беру туралы растау қағазын т о л т ы р а д ы .

Адресат құжаттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, тапсырманы

орындаушы құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы акт жазады, оған тапсырманы орындаушы қол қояды және ол әділет мекемесінің мөрімен к у ә л а н д ы р а д ы .

10. Егер Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттар осы Нұсқаулықтың 6-9 тармақтарының ережелеріне ұқсамайтын тапсырмаларды орындау тәртібі туралы арнайы ережелерді белгілесе, соттар мен әділет мекемелері осы арнайы ережелерді басшылыққа алуға тиісті.

11. Тапсырмаларды орындағаннан кейін қажетті жадығаттар (жауап алу хаттамасы, құжаттарды тапсыру туралы растау қағазы, шығындар туралы анықтама және басқалар), егер халықаралық шартта құжаттарды жіберудің өзгеше тәртібі белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ж і б е р і л е д і .

Тапсырмалардың орындалу дұрыстығын тексергеннен кейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі құжаттарды сұрау салушы мемлекеттің Әділет министрлігіне жібереді.

12. Қазақстан Республикасы соттары мен әділет мекемелерінің тапсырмаларында шетелдік әділет мекемелері (құқықтық көмек туралы шарттарға қатысты - N 2, N 3 және N 4 формулярлар) тапсырманы беруші соттың немесе әділет мекемесінің және тапсырма берілген мекеменің атауын, өтініштің мазмұнын (құжатты беру, куәдан жауап алу, соттық қарауды жүргізу, қойылған қолдың түпнұсқалылығын немесе құжат көшірмесінің анықтығын куәландыру және т.с.с.), сондай-ақ тапсырманың мәні бойынша қажетті мәліметтерді көрсетеді. Құжаттарды беру туралы тапсырмада құжат берілуге тиіс адамның мекен-жайы және берілетін құжаттың анық атауы міндетті түрде көрсетіледі.

Тапсырмаға тиісті түрде рәсімделген құжаттар: соттық талқылау туралы хабарлама қағаз, талап қою арызының көшірмелері және т.с.с. қоса беріледі.

Егер Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттар осы тармақтың 1-абзацында жазылған ережелерден басқа, шетелдік әділет мекемелеріне тапсырмалар жазу тәртібі туралы арнайы ережелер белгілесе, соттар мен әділет мекемелері осы арнайы ережелерді басшылыққа алуға тиіс.

13. Қазақстан Республикасымен жасаған құқықтық көмек туралы шарттары бар мемлекеттердің соттар мен әділет мекемелеріне тапсырмалар істі қарау күніне дейінгі 4 айдан кешіктірілмей, ал басқа шет мемлекеттердің әділет мекемелеріне істі қарау күніне дейінгі 6 айдан кешіктірілмей жіберіледі.

14. Бала асырап алу, қамқоршылық және қорғаншылық туралы істерге байланысты құқықтық көмек туралы шарттар жасалған мемлекеттердің әділет мекемелерінің тапсырмаларын Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының осы мәселелерді шешуге құзырлы мекемелеріне жібереді.

Тапсырманы орындаған мекемеден алынған, тапсырманың орындалуын

растайтын құжаттарды белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі шет мемлекетіне жібереді.

15. Құқықтық көмек туралы шарттардың жағдайларына сәйкес, тиісті шетелдік соттардың жүргізуіндегі істер бойынша оларды сот шығындарынан босату туралы ауызша өтінішпен, тұратын жеріндегі сотқа жүгінген Қазақстан Республикасы азаматтарының өтініштерін сот хаттамаға енгізеді.

Жазбаша түрдегі өтініш өтінішпен берілген құжаттармен бірге (отбасылық жағдайы, еңбекақысы туралы анықтамамен және т.с.с.) және сот отырысының хаттамасы сот тапсырмаларын жолдауға көзделген тәртіпте шет мемлекеттің әділет мекемесіне жіберіледі (осы Нұсқаулықтың 12-тармағы).

16. Сот шешімдерін және Қазақстан Республикасымен құқықтық көмек туралы шарт жасасқан мемлекеттердің әділет мекемелерінің соларға теңестірілген актілерін Қазақстан Республикасының аумағында орындау туралы іздену өтініштерін облыстық соттар қолданылып жүрген заңдарға, шарттарға сәйкес борышқор тұратын жерде қарайды.

17. Құқықтық көмек туралы шарттар жасалған мемлекеттердің әділет мекемелеріне жолданған және шешімді енгізген Қазақстан Республикасының сотына берілген Қазақстан Республикасы соттарының шешімдері мен оларға теңестірілген актілерін шетелде орындау туралы өндіріп алушылардың іздену өтініштері осы мемлекеттердің соттарына тапсырмалар жіберуге көзделген тәртіпте осы соттарға шетелге жіберіледі (осы Нұсқаулықтың 13-тармағы).

18. Өндіріп алушының іздену өтінішіне бірінші сатының соты:

а) материалдық зиянды өтеуге қатысты бөлігінде сот шешімінің, оған теңестірілген актінің немесе үкімнің; (егер олар өндіріп алуға жататын сомалардың мөлшерін өзгертсе) ұйғарымның немесе қаулының куәландырылған көшірмесін, сондай-ақ, егер шешім немесе үкім бұрын Қазақстан Республикасының аумағында орындалса, оларды орындау туралы анықтаманы;

б) егер жауапкер істі қарау процесіне қатыспаған жағдайда, - оған сотқа шақырылу туралы хабарлама қағаздың уақытында және тиісті нысанда берілгендігі көрсетілетін құжатты қоса береді.

Егер өндіріп алуға төленбеген сот шығындары, мемлекеттік баж салығы жатса, істі мәні бойынша қараған сот осы шығындарды, мемлекеттік баж салығын өндіріп алу туралы өтінішпен осы Нұсқаулықта көзделген тәртіпте шетелдік сотқа жүгінеді.

19. Қазақстан Республикасы жасаған құқықтық көмек туралы шарттың негізінде құқықтық көмек көрсетуге байланысты хат жазысуды Қазақстан Республикасының соттары мен әділет мекемелері қазақ (орыс) тілінде жүргізеді. Құжаттарды шет тіліне аудару қажет болған (құқықтық көмек туралы шарттардың жағдайларына сәйкес) жағдайда, мұндай аударма Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде жасалады.

20. Құқықтық көмек көрсету тәртібінде соттар мен мекемелер жіберетін барлық құжаттарға мөр басылуға тиіс. Олар белгіленген нысанда жасалуға, анық және айқын тілмен жазылуға, басылуға, ұқыпты және жинақы рәсімделуге тиіс. Құжаттардағы куәландыру жазбалары қазақ (орыс) тілінде орындалады және олар басылуға тиіс. Құжаттарды куәландыру кезінде штамптарды пайдалануға жол берілмейді. Қазақстан Республикасы жасаған құқықтық көмек туралы шарттардың негізінде құқықтық көмек көрсету кезінде соттар мен әділет мекемелері тиісті екі тілде формулярларды пайдалануға тиіс (N 1 қосымша). 21. Шет мемлекеттерде қолданылып жүрген немесе қолданылған мәліметтерді алу қажеттілігі жағдайында соттар мен әділет мекемелері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүгінеді, ол қажет болған кезде белгіленген тәртіпте шет мемлекеттердің тиісті мекемелерінен сұрау жасайды. N 1 қосымша Қазақстан Республикасы 1997 жылғы 1 қаңтарға дейін: а) Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы: Монғолиямен (1993 жылғы 22 қазан) ҚХР (1993 жылғы 14 қаңтар) Түркиямен (1995 жылғы 13 тамыз) Қырғыз Республикасымен (1996 жылғы 26 тамыз) екі жақты шарттар; б) Қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту үшін немесе үкімді орындауға келтіру үшін оларды ұстап беру туралы: Монғолиямен (1993 жылғы 22 қазан) ҚХР (1996 жылғы 5 маусым) екі жақты шарттар жасасты.

N 2 қосымша ҚҰЖАТТЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМА _____

(жіберілетін

тапсырманың күні мен нөмірі) _____

(жауапта осы нөмір мен күнге сілтеме жасалсын)

_____ (тапсырманың жазылу орны) _____

(тапсырманы жіберген мекеменің атауы) _____

_____ (шарттың атауы) _____

_____ сәйкес _____

(тапсырманы жіберген мекеменің атауы) _____

(тапсырма

жіберілген мекеменің атауы) азамат _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, азаматтығы, дұрыс мекен-жайы) _____

_____ тапсыруды (берілуге жататын құжаттың анық атауы) және құжатты беру туралы растау қағазын қайтаруды сұрайды. Бұл құжатты _____

(істің атауы, қылмыс құрамының

сипаттамасы _____ және оның сараламасы) байланысты жасау қажет. талапкердің _____ жауапкердің _____

айыпталушының _____

_____ сотталушының _____

_____ тегі, азаматтығы, жұмысы, тұрақты тұратын немесе болатын жері, Олардың өкілеттенген адамдарының тектері мен мекен-жайлары _____

Құжаттарды: Сіздердің мемлекеттеріңіздің заңдарында көзделген тәртіпте, егер алушы оларды өз еркімен алуға келіссе, оған беру жолымен беруді сұраймыз. Беруге жататын құжаттардың куәландырылған аудармасы қоса беріліп отыр (қоса беріліп отырған жоқ). Бұл тапсырманы орындау мүмкін болмаған жағдайда, оны орындауға кедергі болған жағдайлар туралы хабарлауды және беруге жататын құжаттарды қайтаруды сұраймыз. Мөр Қолы N 3 қосымша ЖЕКЕ ІС ЖҮРГІЗУШІЛІК ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ТАПСЫРМА _____

_____ (жіберілетін тапсырманың күні, нөмірі) _____ (жауапта осы нөмір мен күнге сілтеме жасалсын) _____

_____ (тапсырманың жазылу орны) _____ (тапсырманы жіберген мекеменің атауы) _____

_____ (тапсырма жіберілген мекеменің атауы) _____ сәйкес (шарттың атауы) _____

_____ (тапсырманы жіберген мекеменің атауы) жеке іс жүргізу әрекеттерін _____

_____ (қандай әрекеттердің және қандай _____ адамдарға қатысты жасалуға тиісті екендігі көрсетілсін) орындау туралы өтінішпен _____

_____ (тапсырма жіберілген мекеменің атауы) жүгінсін. Аталған іс жүргізушілік әрекеттерді орындау _____

істің атауы, _____
істі қарауға қылмыс құрамының сипаттамасы және оның сараламасы)
байланысты қажет. Талапкердің _____

_____ жауапкердің _____

_____ айыпталушының _____

_____ сотталушының _____

_____ сотталған адамның _____

_____ тегі, аты, әкесінің аты, азаматтығы, жұмысы,
тұрақты тұратын немесе болатын жері _____

_____ (олардың өкілеттенген адамдарының
тектері, аттары, әкелерінің _____

_____ аттары және мекен-жайлары) _____

_____ Жауап алынуға тиісті
адамдардың тектері мен мекен-жайлары _____

_____ Қандай жағдайларға
байланысты олардан жауап алынуға тиіс және оларға қойылуға тиісті сұрақтар _____

_____ Басқа іс жүргізушілік әрекеттерді
жасау кезінде анықталуға тиіс жағдайлар _____

_____ (тапсырманы жіберген мекеменің атауы)
тапсырманы орындауға байланысты шыққан шығындар туралы хабарлауды және
осы тапсырмаға байланысты жазылған хаттамалар мен басқа құжаттарды
жіберуді сұрайды. Осы тапсырманы орындау мүмкін болмаған жағдайда
тапсырманың орындалуына кедергі болған жағдайлар туралы хабарлауды
өтінеміз. Мөр Қолы N 4 қосымша ЖЕКЕ ІС ЖҮРГІЗУ ӘРЕКЕТІН ОРЫНДАУ
ТУРАЛЫ (ҚҰЖАТТАРДЫ БЕРУ ТУРАЛЫ) ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ
ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА _____

_____ (тапсырма жіберілген мекеме актісінің орны, күні және
нөмірі) _____

_____ (тапсырма жіберілген мекеменің атауы) _____

_____ (тапсырма жіберген органның атауы) _____

_____ (тапсырма жіберген мекеме актісінің нөмірі) _____

_____ (шарттың атауы) _____

_____ сәйкес іс жүргізу әрекетін жасау туралы (құжаттарды беру туралы) тапсырманың негізінде _____

_____ (тапсырма жіберілген мекеменің атауы) қосымшада іс жүргізу әрекетін жасау туралы хаттама (

құжаттарды беру туралы растама хат) жолдап отыр _____

_____ (тапсырма жіберілген мекеменің атауы) _____

_____ (тапсырма жіберген мекеменің атауы) _____

_____ туралы тапсырманы (іс жүргізу әрекеті құжаттарды беру) _____

_____ байланысты орындау мүмкін болмағандығын хабарлайды _____

_____ баптарына сәйкес (шарттың атауы) осы тапсырманы орындауға байланысты шығындардың _____

_____ болғандығын туралы хабарлаймыз (шығындардың сомасы көрсетіледі) Мөрі Қолы N 5 қосымша ҚҰЖАТТАРДЫ БЕРУ ТУРАЛЫ РАСТАМА ҚАҒАЗ _____

_____ (құжатты беруді жүзеге асырған соттың толық атауы) істің

N _____

_____ тіліне аударылған, аударылмаған _____ беттегі құжаттың атауы _____

Алушының тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайы _____

Алушының қолы немесе тапсырмау себептері туралы хабарлама _____

Құжатты тапсырған немесе оны тапсырмау туралы хабарлама жасаған адамның қызметтік жағдайы мен қолы. Мөр оқығандар: Багарова Ж.А. Икебаева А.Ж.